



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.09.2024 жыл

№ 1, 3-т.

**Жетісу облыстық кәсіподақ ұйымының
қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру және
қызметкерлерді құқықтық қорғау
жөніндегі жұмысы туралы**

Жетісу облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы М.К. Төлепбергеновтің «Жетісу облыстық кәсіподақ ұйымының қоғамдық бақылау және жұмысшыларды құқықтық қорғау жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **атап өтеді:**

«Жетісу облысының оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғау деңгейін және жұмыс берушілердің еңбек заңнамасы талаптарын, әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер мен ұжымдық шарттар талаптарын орындауына қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыруға бағытталған белгілі жұмыстар жүргізілуде.

Аппарат штатында дайындалған маманмен жабдықталған еңбек құқықтық инспекторы лауазымы бар. Ұйым құқықтық қызмет, қоғамдық бақылау және әлеуметтік әріптестік жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша әдістемелік материалдармен толық көлемде қамтамасыз етілген.

Алайда, мүшелік ұйымның басқарушы органдарының қызметінде белгіленген қызмет бағыттары бойынша бірқатар елеулі кемшіліктер мен олқылықтар орын алады.

Жұмыс берушілердің қолданыстағы еңбек заңнамасының нормаларын және әлеуметтік әріптестік актілерінің шарттарын орындауына қоғамдық бақылау жүргізу жөніндегі іс-шаралар деңгейі төмен. 38 тексеру жүргізу барысында 4 бұзушылық анықталған.

Кәсіподақ активін, жұмыс берушілердің өкілдерін және кәсіптік одақ мүшелерін құқықтық оқыту жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылады.

Еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесінің мүмкіндіктері толық көлемде пайдаланылмайды. Салалық комиссияның отырыстары тұрақты өткізілмейді, комиссия мүшелерінің қарауына еңбек қатынастарының проблемалық мәселелері енгізілмейді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстың кәсіподақ ұйымының төрағасы М.Қ. Төлепбергеновтің ақпараты назарға алынсын.

2. «Жетісу облысының оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ басқарушы органдары:

2.1. Кәсіподақ ұйымында құқықтық жұмыстың сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдасын, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етсін, кәсіптік одақ мүшелерін тегін заң көмегін қамтамасыз етсін.

2.2. Қызметтің осы бағыттары бойынша Кәсіподақтың жергілікті құқықтық актілеріне сәйкес құқықтық қорғау және қоғамдық бақылау мәселелері бойынша құжаттаманы тиісті тәртіпке келтірсін. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауына қоғамдық бақылау шеңберінде тексерулердің нәтижелілігін қамтамасыз етсін. Әлеуметтік әріптестік актілерінің талаптарын орындауға ерекше назар аударсын.

2.3. Жүйелі жоспарлау негізінде кәсіподақ активін, жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларының мүшелерін, жұмыс берушілер өкілдерін еңбек заңнамасының негіздеріне құқықтық оқытуды тиісті деңгейде ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

2.4. Әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру мәселелерінде тиісті шұғыл шаралар қабылдасын, ұжымдық-шарттық қатынастардың жай-күйіне толыққанды талдау жүргізісін, әлеуметтік әріптестік жөніндегі комиссиялардың еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу жөніндегі жұмысын жандандырсын, жұмыс жоспарлары негізінде олардың отырыстарын тұрақты өткізуді қамтамасыз етсін.

2.5. Кемшіліктерді жою бойынша қабылданған шаралар жөнінде **2024 жылғы 1 қарашаға дейінгі** мерзімде Кәсіподақтың Орталық Комитетінің аппаратына жазбаша ақпарат ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Төраға Орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева